

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 630 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 602 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 8, 85-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақта:

11) тармақшада "2001 жылғы 31 наурызға дейін" деген сөздер алынып тасталсын;

1) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары алынып тасталсын;

2), 7) тармақшалар алынып тасталсын;

3) тармақшада:

"ұлттық компанияны" деген сөздер "ұлттық компанияның" деген сөздермен ауыстырылсын, "компанияның" деген сөзден кейін "қызметі мен оны" деген сөздермен толықтырылсын;

", жыл сайынғы бизнес жоспарды, ұйымның бюджетін" деген сөздер алынып тасталсын;

9) тармақшада "және/немесе тәуелді акционерлік қоғамдары" деген сөздер ", тәуелді ұйымдары және өзінің қатысу үлесін есепке алу және қатысушылардың қаржылық есеп беруінде оның ұйымдастыру-құқықтық нысандарына қарамастан, осы қызметтен алынатын активтерді, міндеттемелерді, кіріс пен шығысты көрсету үшін бірлескен қызметті жүзеге асыратын ұйымдары (бұдан әрі - бірлесіп бақыланатын ұйымдар)" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) ұйымның бірінші басшысының қоғамның директорлар кеңесі (мемлекеттік басқару органы - РМК үшін) алдында еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарды басқару туралы, сондай-ақ еншілес, тәуелді және

бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің негізгі ұйым қызметінің көрсеткіштеріне ықпалы туралы жарты жылдық есептер беру жүзеге асыруын;"

11) тармақшада "жыл сайынғы және орта мерзімдік даму жоспарларының" деген сөздер "орта мерзімді жоспардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1 тармағында "сауда" деген сөз "бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1 тармағында "мен бизнес жоспарларының" деген сөздер алынып тасталсын

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК